

**«Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік»
тақырыбында «Saryarqa aqparat» ЖШС қызметкерлерімен өткен
семинардың хаттамасы**

Өткізу орны: Қарағанды қаласы, Ермаков көшесі, 33;

Өткізу уақыты: 2025 жылы 24 қыркүйек;

Өткізу формасы: офлайн-әңгіме;

Қатысушылар: «Saryarqa Aqparat» ЖШС қызметкерлері (10 адам).

Күн тәртібі:

«Saryarqa Aqparat» ЖШС қызметкерлерімен **«Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік»** тақырыбында түсіндіру әңгімесі.

Қызметкерлердің құқықтық санасын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру және квазимемлекеттік сектор мен бұқаралық ақпарат құралдарының өзара іс-қимылын дамыту мақсатында офлайн форматында «Saryarqa aqparat» ЖШС комплаенс-офицері Э.Е. Абдрахманова сөз сөйледі.

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға зиян келтіретінін, мемлекеттік және квазимемлекеттік органдарға сенімді әлсірететінін, сондай-ақ ұйымдардың беделіне теріс әсер ететінін атап өтілді.

Семинар барысында қаралған негізгі мәселелер:

- сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік түрлері (қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік, азаматтық-құқықтық);
- квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің арттырылған жауапкершілігі;
- БАҚ-тың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды жариялаудағы және «нөлдік төзімділікті» қалыптастырудағы рөлі;
- журналистердің заң нормаларын түсіндірудегі және объективті ақпарат берудегі маңызы.

Семинар барысында бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне ерекше назар аударылды. БАҚ өкілдері қоғамды ақпараттандыруға, заңнаманы түсіндіруге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ашуға және мемлекеттікпен квазимемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Кездесудің қорытындысы бойынша Э.Е. Абдрахманова қызметкерлерге мынадай ұсыныстар берді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;
- жұмыс барысында ашықтық пен есептілік мәдениетін дамыту;
- БАҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды белсенді жариялау.

Директор

ТОО «Saryarqa aqparat»



К.Ж. Абилдинов

Комплаенс-офицер

Э.Е. Абдрахманова